

деятельностью без соответствующей регистрации или лицензии, специального разрешения, квалификационного аттестата (свидетельства)) - 38 или 26,8%, ст. 215 КоАП – 37, или 26,1%.

Контроль за исчислением и поступлением налогов - это система мероприятий по проверке законности, целесообразности и эффективности действий по формированию денежных фондов государства на всех уровнях управления и власти в части налоговых доходов; выявлению резервов увеличения налоговых поступлений в бюджет и улучшению налоговой дисциплины; совокупность приемов и способов, используемых органами власти и управления, которые обеспечивают соблюдение налогового законодательства, правильность исчисления, полноту и своевременность внесения налогов в бюджет.

Анализируя законодательство в части проведения налоговых проверок в строительных компаниях, следует отметить:

- отсутствие прозрачной системы назначения, учета и проведения проверок;
- штрафные санкции - ключевая мера контроля;
- законодательная нагрузка, избыточность в части бюрократических и формальных норм;
- невозможность эффективного обжалования проверок;
- значительные финансовые затраты предпринимателей на проведение проверок, не связанных с хозяйствующей деятельностью.

Кроме того:

- проверки проводятся с высокой частотой;
- проверки часто не регистрируются;
- проверки носят исключительно фискальный характер, а не предупредительный;
- ограничение доступа к законодательной базе, низкий уровень осведомленности предпринимателей о принимаемых нормативных правовых актов;
- не предусматривается мотивация субъектов предпринимательства к самостоятельному соблюдению требований и норм налогового законодательства.

В настоящее время главными задачами контрольной работы являются усиление аналитической составляющей, внедрение в практику налогового контроля комплексного системного анализа финансово-хозяйственной деятельности проверяемых объектов: принятия объективных, аргументированных решений по результатам проведенных проверок; повышения качества работы с жалобами налогоплательщиков; снижения количества споров рассматриваемых в судах.

Для повышения качества налогового контроля необходимо:

- формирование единого автоматизированного информационного массива данных;
- принятие единого государственного стандарта организации и проведения налоговых проверок.

Одним из новшеств Налогового кодекса является внедрение системы управления рисками. С внедрением данной системы налоговые органы отойдут от проведения тотальных проверок и будут носить точечный характер. Таким образом реализуется принцип - бизнес, безопасный для общества и добросовестно выполняющий требования законодательства, не проверяется.

Важно, чтобы развитие налогового контроля и администрирования не препятствовало соблюдению прав и интересов налогоплательщиков, а способствовало обеспечению самостоятельного и добросовестного выполнения налогоплательщиками своих обязанностей.

1. Кодекс Республики Казахстан О налогах и других обязательных платежах в бюджет (Налоговый кодекс). – Алматы, 2011.
2. Кодекс РК «Об административных правонарушениях». - Алматы, 2011.
3. Уголовный кодекс Республики Казахстан от 16 июля 1997 года N 167-1 (по состоянию на 09.12.04 г.) – Алматы, 2005.
4. Закон Республики Казахстан РК «Об органах финансовой полиции Республики Казахстан». - Алматы: ЮРИСТ, 2002.
5. Закон Республики Казахстан «О частном предпринимательстве» (по состоянию на 11.12.2006 г.).
6. Аленова А. Анализ поступлений налогов и платежей в бюджет по итогам 2010 года // Вестник налоговой службы РК. – 2011. - №2. – С. 19-22.
7. Айтказина Г.Х. Камеральный контроль по НДС // Бюллетень бухгалтера. – 2008. - №22. – С. 15-17.
8. Атыгаева З. Налоговые апелляции как показатель качества работы налоговых органов // Вестник НС РК. 2010.

Г.К. Раешева

ЕЛІМІЗДЕ САҚТАНДЫРУ ІСІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қазіргі таңда сақтандыру ісінің алатын орны ерекше зор болып отыр. Сақтандыру - ісі кең мағынада бір нәрсенің жағымсыз салдарынан қорғау дегенді білдіреді. Бұл мағынада сақтандыру

қоғаммен, яғни мемлекетпен бірге пайда болып, оның табиғаттың ажырамас бір элементі болып табылады.

Уақыт өте сақтандыру қоғамдық өндіріске қызмет көрсететін арнайы салаға айналды. Осы орайда, сақтандырумен кәсіби айналысатын адамдар мен ұйымдар пайда болды. Қазіргі таңда сақтандыру ісінің алатын орны ерекше зор болып отыр. «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Заңының «Сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі» деп аталатын 4-бабының 1-тармағында: «Сақтандыру дегеніміз, сақтандыру ұйымы өз активтері есебінен жүзеге асыратын сақтандыру төлемі арқылы сақтандыру шартында белгіленген сақтандыру жағдайы немесе өзге де оқиғалар туындаған кезде жеке немесе заңды тұлғаның заңды мүліктік мүдделерін қорғауға байланысты қатынастар кешені» деген түсіндірме берілген. Осы заңның 2-тармағында: «Сақтандыру қызметі дегеніміз, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасау мен орындауға байланысты Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясы негізінде не Қазақстан Республикасының өзара сақтандыру туралы заңнамалық актісіне сәйкес лицензиясыз жүзеге асырылатын қызметі». Демек, сақтандыру белгілі бір тәуекелдерге орай орын алуы ықтимал сақтандыру жағдайы оқиғалары басталған кезде заңды немесе жеке тұлғаның мүліктік мүдделерін сақтандыру мүдделерін арнайы қалыптастырылған мақсатты ақшалай сақтандыру қор есебінен сақтандыру қорғауымен қамтуды қамтамасыз етуге байланысты сақтандырушы мен сақтанушы, пайда алушы арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды білдіреді [1].

Сақтандыру тарихы өз тамырын тереңнен алады. Сақтандыру жүйесі өте ерте кезеңде пайда болған. Сақтандырудың заңды негіздерін бір жүйеге келтіріп, осыдан 3,5 мың жыл бұрын тасқа қашап жазған Вавилон патшасы Хаммурапи еді. Хаммурапи заңы 282-баптан тұрды. Соның 55-бабы сақтандыру жүйесіне арналған. Яғни, сақтандырудың негізгі мақсаты – адам баласының басына түскен бақытсыз жағдайлардан туындаған кезде азаматтарға материалдық жағынан көмек көрсету болып табылады.

Б.з.д. 916 жылы Ежелгі Грецияда Родос аралында кеме аударылуы салдарынан келетін шығынды бөлісу туралы сақтандыру актісі қабылданған. Сақтандыру ісі ежелгі Римда азаматтардың материалды, кәсіптік және жеке қызығушылықтарын (еңбек қабілеттілігін жоғалту, қайтыс болған адамды жерлеу шаралары) қарастыратын қоғамдар негізінде құрылды. Ортағасырларда сақтандыру көпестердің жолда жүру және жеке қауіпсіздігі үшін біріккен гильдия одақтары арқылы іске асты. Кейінгі ортағасырларда қалалардың өсуіне байланысты ағаш құрылыстарының көбеюімен мүлік пен құрылысты өрттен қорғау, су басу және де басқа стихиялы апаттардан қорғану қажеттілігі туындады. XVI ғасырда Германияда Брюгге қаласында көпестер мен колөнершілердің қызығушылықтарын қорғау мақсатында Сақтандыру палатасы құрылса, Ресейде 1827 жылы Бірінші Ресейлік өрттен сақтандыру қоғамы, 1835 жылы Екінші Ресейлік өрттен сақтандыру қоғамы құрылды.

1917 жылы Қазан революциясынан кейін сақтандыру ісінің қалыптасып дамуы, 3 этаптан тұрған:

1 – сақтандыру барлық түріне (әлеуметтік сақтандырудан басқалары) мемлекеттік бақылау жүргізу үшін сақтандыру істері жөнінде комиссариат құру туралы 1918 жылы 23 наурызда РСФСР-дың халықтық комиссариатының «Барлық сақтандыру түрлеріне (әлеуметтіктен басқа) мемлекеттік бақылау енгізу туралы» Декрет, «Өртпен күрестегі мемлекеттік шараларды ұйымдастыру туралы» Декрет қабылданған болатын, мақсаты сақтандыру компанияларының ақша қорларын мақсатсыз жұмсамауға бағытталды. 1921 жылы «Мүлікті мемлекеттік сақтандыру туралы» Декрет қабылданып, Халық комиссариаты жанында Мемлекеттік сақтандырудың басқармасы құрылды [2].

2 – Ресей республикасының сақтандыру ісін ұйымдастыру туралы 1918 жылы 28 қарашада және РСФСР-дың декреті қабылданды.

3 – КСРО мемлекеттік сақтандыру туралы Ережені 1925 жылы қыркүйектің 18-де орталық атқару комитеті мен халық комиссариаты бекіткен.

Сонымен қатар, республикалық қаржылық халық комиссариатында мемлекеттік сақтандырудың бас басқармасы құрылды. Осы басқарма өзіне тиесілі сақтандыру тарифтерін әзірлеу, қаржы халық комиссариаты бекіткен қағидалар мен нұсқаулар шығару, сақтандыру нысандарының негіздемелерін әзірлеу, жергілікті мемлекеттік сақтандыру мекемелеріне басшылық ету, өзгерістер мен толықтырулар енгізуді міндетіне алды.

Кепілдендірілген сақтандыру ауқымы кредиттік мекемелерде, мемлекеттік өнеркәсіптерін, сауда ұйымдарын, қоймаларды, теміржол және су жолы көліктерін қамтыған ерікті сақтандыру қызметі іске асырылды.

1930 жылы ақпанның 3-де КСРО мемлекеттің қабылдаған мемлекеттік сақтандыруды, өзгерістер қаулыға сәйкес сақтандыру аясын жетілдіру, құқықтық реттеу, мемлекеттік сақтандыру

өңдеу жұмыстары халық комиссарлары комиссияға берілді. Жеке басын сақтандыру мемлекеттік еңбек жинау кассаларына берілді.

Барлық міндетті сақтандыру бойынша операцияларды тиісті қаржылық органдар жүзеге асырды.

Сақтандыру аясындағы жағдайларда түзету мақсатында кеңестер одағы мемлекеттік сақтандыруды қайта құру 1948 жылдың аяғында КСРО Бас мемлекеттік сақтандыру басқармасымен оның органдары бірігіп, Ережесін бекітті.

Бұл жылдары мемлекеттік сақтандыру аясында алынған таза табыстың 50%-і одақтық бюджетке аударылған. Ал қалған 2%-і запастағы қорға қалдырылып отырған.

Кеңес Одағындағы мемлекеттік сақтандыру 1953 жылы КОКП ОК Пленумының қыркүйектегі шешімімен колхоздарда сақтандыру ісі жолға қойылса, 60 жылдары ауылшаруашылық аясындағы сақтандыру жүйесі назарға алынды. 1956 жылы ақпанның 10-да КСРО-ның Жоғарғы Кеңесі Жарлығына сәйкес жануарларды сақтандыру бойынша төлемдерді қабылдау, 1958 жылы ақпанның 17-де КСРО мемлекеттік сақтандыру жергілікті органдары одақтас қаржылық республикалық қаржы министрлігіне кіріп отырды.

1960-1980 жылдарға дейін қоғамның әр түрлі аяларында әр түрлі нысанда жүзеге асырыла бастаған міндетті сақтандыру және ерікті сақтандыру істері жүзеге асырылды 1963 жылы қазанның 21-де кәсіподақ ұйымдарының жұмысшылары мен қызметкерлерінің өмірі мен мүліктерін сақтандыру жөнінде ұсыныс жасаса, ал 1967 жылы тамыздың 28-де КСРО-ның Жоғарғы Кеңесінің Жарлығымен КСРО министрлер кеңесінің қаулысы мемлекеттік сақтандыру мен колхоздардың экономикалық байланыстары мен мүдделерін сақтау және құқықтық реттеу мәселесін қарастырды. Ал, 1968 жылы «Жұмысшылар мен қызметкерлердің жеке басты сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру жарналарын ақшасыз есеп айырысу жолымен төлеуі туралы» КСРО Министрлер Кеңесінің қаулысына орай сақтандыру қоғамдық өте қажетті элемент екенін атап өтуге тиіспіз.

1977 жылы тамыздың 2-дегі қаулыға сәйкес мемлекеттік сақтандыру ісін одан әрі дамыту жөнінде шаралар қолданылды. Сол жылғы қаулыға сәйкес совхоздар мен колхоздар мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындары, тағы да мемлекеттік басқа органдар, кәсіпорындар стихиялық апаттармен өзге де қолайсыз жағдайлардан келген залалдардың орнын толтыру тәртібін жетілдіру туралы ұсыныс. Министрлер советінің қаулысына сәйкес 1986 жылдың 3 қыркүйегінде кәсіпорындардың міндетті сақтандыру мәселелерін, өзгерту мәселелерін қарастырды.

1981 жылы қазанның 2-де КСРО Жоғарғы Кеңесінің президиумында азаматтардың қарамағындағы мүліктерді міндетті мемлекеттік сақтандыруға жатқызды. Жаңа тарифтер мен бағалар құқықтық нормалар, сақтандыру сомалары, сақтандыру аумағы, сақтандыру объектілері, сақтандыру құнын анықтау тәсілдері сақтандыру төлемдері мен өтемдері белгіленді.

Жалпы, 1969, 1971, 1973, 1975, 1976, 1977, 1980, 1984 жылдары қоғамның әр түрлі аялары мен жан-жақты түрлі нысанда жүзеге асырылған міндетті және ерікті мемлекеттік сақтандыру үлкен жетістіктерге жеткен болатын. Кеңестер Одағының ыдырауы мен Қазақстанның егемендік алуына аздаған уақыт көлемі қалған кезде еліміздің сақтандыру жүйесі кемеліне келген шағы дей аламыз.

Кеңестік кезеңде Қазақстанда мемлекеттік сақтандыру саясатын Қазақ ССР мемлекеттік сақтандыру Бас басқармасы атқарған болатын, Қазақстан Республикасының егемен мемлекет болып жариялануымен, еліміздің сақтандыру нарығында 1991 жылы Қазақ ССР Министрлер Кабинетінің шешімімен Қазақ ССР мемлекеттік сақтандыру Бас басқармасы Мемлекеттік коммерциялық компаниясы болып қайта құрылды [3].

Қазақстандағы сақтандыру ісін өркениетті арнаға түсіру мақсатында қабылданған 1992 жылғы «Қазақстан Республикасының сақтандыру туралы» Заңы егеменді еліміздің сақтандыру жүйесін реформалаудың, шын мәнісінде экономикалық құқықтық қайта құрудың бастамасы еді. 1994 жылы сәуірдің 16-сындағы «Сақтандыру нарығын қалыптастыру және дамыту жөніндегі ұйымдық-құқықтық шаралар жөніндегі» Жарлығы қабылданып, сақтандыру нарығын мемлекеттік реттеу мен тиімді дамыту көзделген болатын. 1996 жылғы маусымда еліміздің сақтандыру жүйесін кешенді дамыту мақсатында 1996-1998 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының сақтандыру рыногын дамытудың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының Үкіметінің қаулысымен мақұлданған болатын. Мұнда сақтандыру рыногын дамытудың жалпы мемлекеттік бірінші кезектегі іс-шаралары, отандық және шетелдік сақтандыру ұйымдарының мамандары мен ғалымдарының ұсыныстары, сақтандыру қорғау жүйесінің тиімді қызмет атқаруларын жоғарылату мәселелері ескерілген еді.

2000 жылдың 18 қазанындағы «Сақтандыру қызметі туралы» қабылданған Заң жобасында сақтандыруды ұйымдастырудың негізгі түсініктерінің анықтамасы және сақтандыру компанияларын реттейтін негізгі құралдары көрсетілген [4]. Бұл кезеңде, яғни 2001 жылдың басында Қазақстанда 42

сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы сақтандыру қызметін жүргізу лицензиясы негізінде өз жұмыстарын атқарған болатын. Қазіргі таңда (осы ағымдағы жылдың бірінші шілдесіне шаққандағы жағдай бойынша) 39 сақтандыру ұйымы қызметтерін атқаруда. Олардың үшеуі мемлекеттік қатысуымен, төртеуі шетелдіктер үлесімен құрылған. Қазақстанда қызмет етіп отырған осы сақтандыру ұйымдарының меншікті капиталы 5 миллиард теңгені, активтері 10 497,1 миллион теңгені сақтандыру резервтерінің жалпы көлемі 4,3 миллиард құрап отыр. 2001 жылдың бірінші жарты жылдығында сақтандыру сыйлық ақысының көлемі 6,8 миллиард теңгені көрсеткен. Қаржылық көрсеткіштері мен төлем қабілеттілігі нормативтері толық орындаған 30 сақтандыру ұйымына «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңына сәйкес сақтандыру қызметін жүргізуге құқық беретін жаңа үлгідегі лицензиялар тапсырылған.

2000-2002 жылдары сақтандыруды дамыту жөніндегі мемлекеттік бағдарламада:

- Әлеуметтік сақтандыруды түрі ретінде сақтандыру тұрғысында қорғауды ұсынудың принциптерін нақтылау;

- Сақтандыру рыногының қазіргі заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру және оның қатысушыларының қызметін ұйымдастыру;

- Сақтандыру саласында кадрлар даярлау қайта даярлау, және біліктілігін ұйымдастыру және т.б.

Сонымен қатар, мынадай нәтижелердің, яғни сиымды және бәсекеге қабілетті ұлттық сақтандыру рыногын құру, сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығы мен оларға деген сақтанушылардың сенімділігін, олардың сақтандыру рыногында ұсынатын қызметінің сапасын арттыру, түрлі қолайсыз және кездейсоқ жағдайлардың сақтандыру тұрғысына қорғауды қолдануы аясын кеңейту, еліміздің ішкі резервтері есебінен ұзақ мерзімді негізде елеулі қаражаттардың ағылып келуі сақтандырудағы рыногтық жаңартулардағы жедел дамыту үшін сақтандыру мүмкіндіктері есебінен айтарлықтай жағдай жасау мәселелері қарастырылды.

«Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына 2003 жылғы 16 мамырдағы заңында: «Сақтандыру ісі және сақтандыру қызметі туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Осы Заңмен тікелей реттелген қатынастарды қоспағанда, сақтандырудан туындайтын және өзге де заң актілерінің қолданылатын аясына жататын қатынастар осы актілермен реттеледі. «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 сәуірдегі №405-11 Заңы, 2004 жылғы 13 желтоқсандағы №11-III және 20 желтоқсандағы №13-111 ҚР заңдарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген, халықты әлеуметтік қорғау жүйесімен қамтылатын азаматтарды әлеуметтік қорғаудың мемлекет жүзеге асыратын нысандарының бірі ретінде Қазақстан Республикасындағы міндетті әлеуметтік сақтандырудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастыру негіздерін белгілеуге атсалысатын осы Заңның құрылымдық бөлімшелері мазмұндалған. 2006 жылғы 10 қаңтардағы №116-III және 31 қаңтардағы №125-111 ҚР Заңдарына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген «Өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру туралы «Қазақстан Республикасының Заңы, бүгінде, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндірумен шұғылданатын ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілерді міндетті сақтандырудың құқықтық, қаржылық және ұйымдастыру негіздерін белгілеуге, сондай-ақ өсімдік шаруашылығындағы міндетті сақтандыру саласында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеуге атсалысуда.

Сонымен, біз елімізде сақтандыру ісінің қалыптасу тарихын қарастырып, сақтандыру саласындағы заңнамаларды талдауға тырыстық.

1. «Қазақстан Республикасының сақтандыру қызметі туралы» Заңы // Егемен Қазақстан 2000 ж. 22 желтоқсан.
2. Скамай Л.Т., Мазурина Т.Ю. Страхование дело. – М., 2004. – 256 с.
3. Жуйриков К. Страховой рынок Казахстана: история становления и сегодняшний день // Время. – 2001 ж. – 12 қазан.
4. Сманов Б.Ө. Сақтандыру: экономикалық маңызы және Қазақстанда қалыптасып, даму кезеңдері. – А., 2000. – 46 с.
5. Найманбаев С.М. Сақтандыру құқығы. – Алматы, 2007. – 256 бет.

А.Х. Ахметалиев

КЕДЕН ОДАҒЫ: ҚҰРЫЛУЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Жаңа онжылдықтың басы ЕурАзЭҚ пен ТМД және басқа да интеграциялық бірлестіктер сияқты экономикалық және саяси кеңістіктердің жаңа үйлесімді құрылымдарының қалыптасуына бастау берген оқиғамен байланыстырылып отыр. 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап Белоруссия, Қазақстан